20869615540

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 19 ақпан №7119-24-00-2/865 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев,
хатшылықта А. К. Кангужинаның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Дүйсени» Дүйсени Жасұлан Мұратұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі – А.К. Сулейменов
Жауапкер – Ж. М. Дүйсени
Прокурор Д. Жумагулов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 21 қыркүйекте «3656 әскери бөлім» РММ мен ЖК "Дүйсени", арасында No 230233 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, жалпы сомасы 2 099 999 теңгеге авиациялық сағатын жеткізуге келісім- шарт жасалды.

Бұл келісім 2023 жылдың 22 қыркүйекте қазынашылық органдарда тіркелді.

Жоғары аталған шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын No 1 қосымшаға сәйкес, жауапкер 2023 жылдың 28 қазанына дейн тауарды жеткізуге міндеттенді.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 22.02.2024
Дата вступления в законную силу: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 04.04.2024
7119-24-3-6/5

Талап қоюшы талап арызында, келісім журналына корсетілген мерзімге тауар жеткізілмеді.

2023 жылы 23 қарашада No 230233 келісім- шарт, біржақты тәртіпте бұзылды.

I 3.1 -тармақ 2 тармақша негізінде шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 62 999.97 тенге құрайтын шарттың жалпы сомасының 62 999.97 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге шартқа 1-қосымшаға сәйкес шартмәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді: 2023 жылы 10 қазан айында жауапкер 62 999.97 теңге, пайыз мөлшерін төледі.

Тауар бүгінгі күнге дейін, яғни 2023 жылдың 17 қараша дейін жеткізілмеді.

2023 жылы 23 қарашада, 2023 жылғы 21 қазандығы No 230233 шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Мәмле соммасы 2 099 999 *0.1%=2 099.9 *27= 56 699.9 теңге. Нәтиже: 56 700 теңге.

Жаупкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, және жауапкерден тадап қоюшының пайдасына 56 700 теңге тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрайды.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап қою арызын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер талап қою арызбен келіспей, қарсылығын жазба пікірінде көрсетті.

Прокурор сот отырысында талап қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 22.02.2024

Дата вступления в законную силу: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 04.04.2024

2023 жылғы 21 қыркүйекте талапқоюшымен және жауапкердің арасында шарт жасалған.

Талап арызда жаупкер шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сотта жауапкер шарттың талаптарын бұзғаны анықталды.

Аталған істі қарау барысында жауапкер шартты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Жауакердің қарсылығында көрсетілген дәлелдері сот қабылдамайды себебі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексының 2 бабына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, сот шарт бойынша жауапкерден 56 700 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттардың 7.3 тармағына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Жаупкердің әрекеттерінде шарттың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Дүйсени» Дүйсени Жасұлан Мұратұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және өсімпұл өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Дүйсени» Дүйсени Жасұлан Мұратұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Дүйсени» Дүйсени Жасұлан Мұратұлына мемлекет пайдасына 56 700 (елу алты мың жеті жүз) теңге мөлшерінде өсімпұл және 3 547 (үш мың бес жүз қырық жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 22.02.2024
Дата вступления в законную силу: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 04.04.2024
7119-24-3-6/5

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.Б.Бакишев**

Документ подписан: Бакишев А. Б., 22.02.2024

Дата вступления в законную силу: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 04.04.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

7119-24-3-6/5